

## Мүгедектерге бензин үшін ақшалай өтемақы төлеу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қазан 1992 ж. N 891. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 қаулысымен

Бензиннің қымбаттауына байланысты жеңіл автомобильдері немесе мотокүймелері бар мүгедектерге бензинге жұмсаған шығындарын өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Медициналық айғақтамалары бойынша арнайы автокөлігі бар Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, әскери қызметшілер арасындағы мүгедектерге, еңбек жарақатынан, кәсіптік және жалпы аурудан, бала кезінен мүгедектерге, сондай-ақ тегін берілуге тиесілі "Запорожец", "Таврия" автомобильдері немесе қолмен немесе әдеттегідей басқарылатын басқа модификациялары құны ескеріле отырып, автомобиль сатып алған Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, жеке меншік ретінде пайдаланып жүрген жеңіл автомобильдері бар Ұлы Отан соғысының I және II топтағы мүгедектеріне 1992 жылғы 1 қазаннан бастап ай сайын төленетін ақшалай өтемақы белгіленсін. Ақшалай өтемақы автомобильдерге А-76 бензиннің 50 литр мөлшеріне және мотокүймелерге А-76 бензиннің 25 литріне аталған аумақтың мұнай өнімдерін сату жөніндегі кәсіпорындарының ағымдағы айдың бірінші күніндегі қалыптасқан босатылатын бөлшек бағасы бойынша белгіленсін.

Ескерту. Бірінші тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің  
1995.06.02. N 770 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтағы сандар өзгерді - ҚРУ-нің 1997.04.15.  
N 566 қаулысымен.

P970566\_

2. Жергілікті әкімдер бензинге берілетін ақшалай өтемақыны жергілікті бюджеттерден әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын қаржының шегінде төлеуді қамтамасыз етсін. Еңбек жарақатынан және кәсіптік аурудан мүгедек болғандарға бензин үшін ақшалай өтемақы денсаулығына зиян келтірген кәсіпорынның есебінен төленеді.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мүгедектерге бензин үшін төленетін өтемақының мөлшерін көбейту туралы" 1992 жылғы 11 тамыздағы № 667 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК